

А.Б. Абуханова
Ш.У. Унгарбаева

«І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕАҚ, Талдықорған, Қазақстан
(E-mail: agar-80@mail.ru, shnar09_76@mail.ru)

Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында педагогтардың цифрлық сауаттылығын дамыту

Аннотация. Білім беру мазмұнын жаңарту қажеттілігі оның барлық компоненттерінің тігінен де, көлденеңінен де жүйелі өзгеруін анықтайды. Ақпараттық оқытудан инновациялық оқытуға көшуді қамтамасыз ететін білім берудің жұмыс істеуінің жаңа параметрлері құрылуда.

Қазіргі білім беру жүйесінде педагог жаңа, кең және күрделі құзыреттер жиынтығын, соның ішінде цифрлық біліктілікті қажет ететін тез өзгеретін талаптарға тап болады. Қазіргі заманғы педагог сандық медианы қолдануға дайын, сандық дағдыларға ие болуы керек. Сондықтан, цифрлық қоғам мен білім беруді цифрландыру жүйесін білім беру ұйымдарына енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыру ең өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Бұл мақалада жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында педагогтардың цифрлық сауаттылығын дамыту, білім беру үдерісінде цифрлық білім беру ресурстарын қолданудың маңызы қарастырылады. Педагогтың цифрлық сауаттылығын арттыру, заманауи педагогтарға қажетті құзыреттілік, цифрлық құзіреттіліктің деңгейлері көрсетілген. Цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану жолдары қарастырылған. Білім беруді цифрландырудың талаптары, цифрлық дағдылардың негізгі түрлері және педагогтың цифрлық сауаттылығының компоненттері және технологиялық инновацияларға көзқарас қарастырылады.

Болашақ педагогтардың өзіндік даму деңгейі мен жұмыс берушілердің талаптары арасындағы қайшылықты анықтау мақсатында зерттеу жүргізіліп, нәтижесі талданған.

Түйінді сөздер: жаңартылған білім беру мазмұны, цифрландыру процесі, цифрлық білім беру ресурсы, цифрлық сауаттылық, электрондық оқыту жүйесі.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2022-138-1-432-439>

Кіріспе

Қазір білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты педагогтар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Ендеше, білім беру мазмұнын жаңарту – заман талабы.

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасындағы қазіргі заманғы мемлекеттік саясатты реформалаудағы бағыттардың бірі «жаңарту» деп аталды. Жаңарту дегеніміз - бір нәрсеге немесе оған сапалы оң өзгеріс, ескірген элементтерді, байланыстарды ауыстыру, базаны сақтау, өткеннің ең жақсы үлгілерін сақтау және бұрынғы элементтерді қалпына келтіру кезінде жақсарту. Басқаша айтқанда, жаңарту

дегеніміз - ескірген элементтерді жаңа, заманауи, өзекті, іргелі негіздерді алмастырмай ауыстыру.

Білім мазмұнын жаңарту – білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін қайта қарастыру болып табылады. Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, кез-келген өмірлік жағдайда функционалдық сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсете білетін тұлғаның үйлесімді қалыптасуына және зияткерлік дамуына қолайлы білім беру ортасын тудыру – жаңартылған білім мазмұнын енгізудің нәтижесі болуы керек [1].

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыру. Білім беру мазмұнын жаңарту қажеттілігі оның барлық компоненттерінің тігінен де, көлденеңінен де жүйелі өзгеруін анықтайды. Бұл білім берудің барлық деңгейлерінде (мектепке дейінгі білімнен жоғары оқу орнынан кейінгі және т.б.), сондай-ақ білім берудің әрбір деңгейінің барлық компоненттерінде (мазмұны, әдістері, нысандары, құралдары, мақсаттары) жаңарту жүргізілуі тиіс дегенді білдіреді. Осылайша, ақпараттық оқытудан инновациялық оқытуға көшуді қамтамасыз ететін білім берудің жұмыс істеуінің жаңа параметрлері құрылуда.

Жаһандану заманында цифрлық қоғам мен білім беруді цифрландыру және электрондық оқыту (e-learning) жүйесін білім беру ұйымдарына енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыру ең өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Заманауи педагогикалық кәсіби қызметінің маңызды бағыттарының бірі оның цифрлық құзіреттілігін қалыптастыру болып табылады. Бұл заманауи талапты әлемдік және отандық білім беру үрдісі басшылыққа алып отыр.

Материалдар мен әдістер

Бақылау, эксперимент, талдау, салыстыру, синтез әдістері қолданылды. Практикалық

маңыздылығы: мақаланың негізгі ережелері мен тұжырымдары Қазақстан Республикасында білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында педагогтардың кәсібилігін дамыту проблемаларын шешу кезінде пайдаланылуы мүмкін.

Жоғарыда келтірілген негіздемелерге сүйене отырып, Цифрлық құзіреттілік деңгейін бағалау үшін І.Жансүгіров атындағы Жетісу Университетінің Педагогика және Психология мамандығының 1-4 курс студенттеріне Survey-Monkey онлайн бағдарламасы арқылы сауалнама жүргіздік. Сауалнама алдын - ала анықтау мақсатында «Ия» немесе «Жоқ» деген жауаптан тұратын 10 сұрақтан құралды және сауалнамаға барлығы 92 студент қатысты.

Нәтижелер мен талқылау

«Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жағдайында халықтың ақпараттық-коммуникациялық сауаттылығын қалыптастыруда білім беру жүйесінің алдында тиісті міндеттерді қояды. Бұл маңызды процесті, ең алдымен, педагогикалық қауымдастық жетік меңгеруі керек. Осыдан білім беру мекемелері жұмысының маңызды бағыты оқу процесінде жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен жаңа білім беру тәжірибелерін біріктіру болып табылады.

Бұл процесс түлектердің білім беру нәтижелерінің сапасының артуына, болашақ педагогтардың қазіргі заманға сай әлеуметтенуіне, білім беру жүйесін цифрландыруда педагогтардың кәсібилігін арттыруға әкеледі.

Цифрландыру процесі өмірдің барлық салаларын қозғайды. Қазақстан Республикасының стратегиялық және нормативтік құжаттарында білім беру жүйесін цифрландыруға қойылатын талаптар ерекше орын алады.

2018-2022 жылдарға арналған «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бес бағытты қамтиды. Осы бағыттардың төртіншісі - бұл «Адам капиталын дамыту». Атап айтқанда, осы бағыт бойынша «білім экономикасына» көшу үшін беделді қоғам құру міндеті жүктеледі. Яғни, білім саласындағы

цифрландыру мәселесі «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының адам капиталын дамыту үрдісімен сабақтасады. «Адами капитал» ұғымын алғаш рет ғылыми ортаға енгізген Нобель сыйлығының иегері, экономист Теодор Шульц терминге «Адам бойындағы барлық қабілет туа бітеді немесе өмірлік дағдымен қалыптасады. Тиісті қаржы бөлу арқылы дамытылатын адам бойындағы туа және жүре қалыптасқан құнды қабілеттерді адами капитал дейміз» деп анықтама берген. Ендеше капитал дегеніміз білім арқылы табыс әкелетін құндылық болып табылады [2].

ЮНЕСКО-ның «Баршаға арналған ақпарат» бағдарламасы цифрлық сауаттылықты өмірлік маңызды дағды ретінде анықтады. 2007 жылы ақпараттық қоғамдағы білім беру мақсаттарына жету процесін бақылау үшін он алты негізгі индикаторлар бекітілді. Ақпараттық қоғам дамуының он алты индикаторының жетеуі үшін цифрлық сауаттылық орталық рөл атқарады [3].

Ең маңызды индикаторлар, педагогтар мен педагогтардың кәсіби дамуында электрондық оқытуды, қашықтықтан оқыту курстарын және жаңа әдіснамалық дағдыларды қалыптастыратын, болашақта педагогикалық практикада қолданылатын кәсіптік желідегі байланыс арқылы қол жеткізілетін негізгі көрсеткіш болып табылады.

Сондықтан, педагогтың цифрлық сауаттылығы - бұл маңызды кәсіби шеберлік.

Білім берудің сандық трансформациясының проблемалары мен перспективаларын, цифрлық процестің маңызын, ғалымдар 2019 жылы Мәскеуде өткен Ресей-Қытай білім беру конференциясында баяндады. Баяндама авторлары мемлекет пен қоғамның осы мақсатқа жету жолында шешуге тиіс жеті міндетін бөліп көрсетеді:

1. *Материалдық инфрақұрылымды дамыту.* Оған деректер орталықтар құрылысы, цифрлық оқу-әдістемелік материалдарды пайдалану үшін жаңа байланыс арналары мен құрылғылардың пайда болуы кіреді.

2. *Сандық бағдарламаларды енгізу.* Басқаша айтқанда, машиналық оқыту технологияларын, жасанды интеллект және т. б. пайдалана

отырып, оқу-әдістемелік материалдарды жасау, тестілеу және қолдану.

3. *Интернеттегі оқытудың дамуы.* Қағаз медиасынан біртіндеп бас тарту.

4. *Оқытуды басқарудың жаңа жүйелерін (ОЖБ) құру.* Қашықтықтан білім беруде ОЖБ оқыту курстарын басқару және бақылау бағдарламалары деп аталады. Мұндай қосымшалар студенттерге білімге тең және еркін қол жетімділікті, сонымен қатар, оқуға икемділікті қамтамасыз етеді.

5. *Білімгердің әмбебап сәйкестендіру жүйесін дамыту.*

6. *Оқу орнының модельдерін құру.* Технология тұрғысынан мектеп және жоғары білім берудің қайда жылжуы керектігін түсіну үшін, бұл жерде қалай жұмыс істеу керектігіне мысалдар: жаңа ҚЖБЖ, индустрия құралдары мен құрылғыларын және т. б. пайдалану қажет.

7. *Цифрлық технологиялар саласында оқытушылардың дағдыларын арттыру.* Осыдан, цифрлық үрдіс мынадай қажетті ұғымдарды негізге алады:

Өзін-өзі дамыту үздіксіз, өмір бойы, адамның өзін-өзі жетілдіру процесі, оның өзімен жұмыс істеуі. Бұл процесс субъектінің басқа адамдармен: оқытушылармен, тәлімгерлермен, тьютерлермен және т. б. қарым-қатынасы арқылы жүзеге асырылады. Қазіргі педагогиканың маңызды міндеттерінің бірі білім алушылардың кәсіби өзін-өзі дамуын зерттеу және ынталандыру болып табылады.

Цифрлық құзыреттілік адамның инфокоммуникациялық технологияларды сауатты, тиімді және кәсіби қызметтің әртүрлі салаларында, білім, білік, жауапкершілік және мотивация жүйесін білдіретін тиісті құзыреттіліктерді меңгеру негізінде қолдануға әзірлігі мен қабілетін білдіреді.

Цифрлық сауаттылық адамға табысты әлеуметтенуі мен кәсібилігін көтеру үшін, қолда бар сандық технологиялар мен интернеттің көптеген ресурстарын қауіпсіз және тиімді пайдалану үшін қажетті білімнің, іскерліктің және дағдылардың интеграциясы ретінде ұсынылады.

Цифрлық экономика – сандық технологияларды дамытуға тікелей байланысты адамның қызметі.

Сонымен, цифрлық трансформацияның мәні-дербестендірілген және нәтижеге бағытталған білім беру процесіне көшу үшін жаңа технологияларды тиімді және икемді қолдануды қажет –деп конференция резолюциясы қорытынды түйін жасайды.

Заманауи педагогтарға қажетті цифрлық құзіреттілік өмірдің әртүрлі салаларын қамти отырып, олардың сәйкес түрлеріне бөлінеді:

- ақпаратты табу, талдау және әртүрлі ақпараттық нысандарды құру қабілетімен берілген ақпарат;
- қоғаммен және кәсіби қоғамдастықпен қарым-қатынас құра алуы;
- кәсіби міндеттерді шешу үшін сандық білім беру құралдарын қолдануға мүмкіндік беретін функционалдылығы;
- тұтынушының - жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін сандық технологияны қолдануы.

Келтірілген жіктеу көзделген мақсат және оған жету әрекетін қамтитын әрекет теориясына негізделген. Нәтижесінде, мамандардың цифрлық құзіреттілігін дамыту болып келеді.

Осыдан, айтып кететін тағыда бір жағдай, ол цифрлық құзіреттілік мәселесін шешуде педагогтың кәсіби шеберлігінің маңызды бөлігі студенттердің цифрлық сауаттылығын дамыту болып табылады. Өйткені, заманауи педагогтың кәсіби қызметі білім мен біліктің қазіргі тұтынушысына арналған. Олар - бүгінгі білімалушылар. Дегенмен, бұл жерде байқалатын қарама-қайшылықты да белгілеп өту керек. Атап айтсақ, заманауи оқытуға қажетті кәсіби құзіреттіліктер динамикасы тез дамуда. Тіпті, болашақ мамандарға арналған оқу бағдарламаларын жаңартуға уақыт аз болып келеді. Сондықтан:

- бірінші кезеңде,білім беру үрдісі белсенді дамуы қажет. Осы қарама-қайшылықты шешудің бір нұсқасы - бұл оқу процесінің білімгерлердің өзіндік тиімділігіне бағытталуы, оның көмегімен олардың қажетті білім алуы, өз әрекеттерін реттеу және мақсаттарына жету үшін білімдерін басқару қабілеттерін дамыту.

- екіншіден, бүгінгі білім беру бағдарламалары жұмыс берушіге бағытталуы керек.

Статистикаға сәйкес, жұмыс берушілердің пікірінше, әр елде цифрлық экономика бағдарламасын жүзеге асыру процесінде ең көп талап етілетін құзыреттер:

- танымдық;
- нақты, белгілі бір салаға сәйкес;
- әлеуметтік, жеке тұлғаның экономикалық шындықтың жаңа деңгейіне көтерілу қабілеттілігі.

Цифрлық құзыреттіліктің дамуын бағалаудың үш деңгейін көрсетуге болады:

- цифрлық технологияны дұрыс қолдану және цифрлық өнімді өз бетінше жасай алу қабілеттерінен тұратын жоғары деңгей;
- цифрлық құзыреттіліктің орташа деңгейі, цифрлық технологияларды қолдануыәлі де жеткіліксіз;
- төменгі деңгей, өзінің кәсіби қызметінде цифрлық құзыреттіліктерді қолдану мүмкіндігінің болмауы.

Бүгінгі күннің шындығы - ақпаратпен жұмыс істеу мүмкіндігі (оны іздеу, талдау және пайдалану) әрқайсымыз үшін өте маңызды. Қазіргі білім беру кеңістігі жұмыс берушілердің болашақ мамандардың цифрлық құзіреттілігінің қажеттілігін анықтайтын цифрлық компонентке бағытталған. Бұл ақпаратпен жұмыс істеудің стандартты емес ойлауы және ақпаратпен жұмыс істей алу қабілеті. Педагог пен студенттер арасында цифрлық құзіреттілікті қалыптастыру үшін білім беру ұйымдары мен университеттердің нақты мақсаттары мен нақты әрекеттері қажет.

Цифрлық құзіреттілік деңгейін бағалау үшін біз болашақ педагогтар арасында сауалнама жүргіздік. Сауалнаманың мақсаты - болашақ педагогтардың ақпараттық, коммуникативті, функционалды және тұтынушылық құзіреттілігін тексеру.

1. Болашақ педагогтардың ақпараттық құзіреттілігі төмендегідей:

- 0% - жоғары деңгей;
- 6% - деңгей орташа деңгейден жоғары;
- 10% - орташа деңгей;
- 49% шекті деңгей;
- 35% төмен.

Нәтижесінде ақпаратты табу, талдау және әртүрлі ақпараттық нысандарды құру қабілетінің төмен деңгейін көрсетеді.

2. Болашақ педагогтардың коммуникативті құзіреттілігі төмендегідей:

- 22% - жоғары деңгей;
- 20% - деңгей орташа деңгейден жоғары;
- 21% - орташа деңгей;
- 27% шекті деңгей;
- 10% төмен.

Нәтижесі: қоғаммен және кәсіби қауымдастықпен қарым-қатынас жасау қабілеті деңгейінің орташа деңгейден жоғары екендігін растайды.

3. Болашақ педагогтардың функционалды құзіреттілігі келесідей:

- 13% - жоғары деңгей;
- 31% - деңгей орташа деңгейден жоғары;
- 41% - орташа деңгей;
- 10% шекті деңгей;
- 5% төмен.

Нәтижесі цифрлық құралдарды кәсіби мәселелерді шешудің орташа деңгейімен көрсетеді.

4. Болашақ педагогтардың тұтынушылық келесі құзіреттіліктері бар:

- 5% - жоғары деңгей;
- 10% - деңгей орташа деңгейден жоғары;
- 6% - орташа деңгей;
- 42% шекті деңгей;
- 37% төмен.

Нәтижесі: цифрлық технологияларды жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қолдану сияқты төмен деңгейін көрсетеді.

Қорытынды

Болашақ педагогтардың көпшілігі еңбек нарығының талаптарына сәйкес келмейді, цифрлық құзіреттіліктің жоғары деңгейіне жете алмады.

Сонымен, жүргізген зерттеу болашақ педагогтардың өзіндік даму деңгейі мен жұмыс берушілердің талаптары арасындағы қайшылықты анықтайды. Бұл педагогтың кәсіби біліктілігінің және студенттердің қазіргі заманға сай білімдерін басқарудың жеткіліксіз екендігін көрсетеді.

Зерттеушілердің пікірінше, қазіргі білім беру тәжірибесінің жаһандық тақырыбы- кең тараған қауымдастық, оның мүшелері (балалар, ата-аналар, мұғалімдер, студенттер) интернет арқылы ойын ойнайды, оқиды. Интернет жеке, жыныстық, отбасылық, кәсіби қарым-қатынастар үшін қазіргі заманғы балалар мен жасөспірімдер, жастардың мекеніне айналды.

Сонымен, оқытушылар мен тәрбиешілердің міндеті: Интернет-ортаны тәрбиелеу, ақпараттық ортадағы студенттердің өзара іс-қимыл формаларын басқару, желілік кеңістікті электрондық оқу курстарымен толықтыру т.б .

Өзінің жеке сайты, блогын, блог тұғырнамасын, әлеуметтік желілердегі парақшасын пайдаланатын мұғалім таным процесінің модераторы, азаматтық интернетті немесе жаһандық патриоттық акцияны ұйымдастырушы бола алады [4].

Педагогикалық шеберлікті дамытудың маңызды факторы ретінде педагогтардың цифрлық сауаттылығын жоғарылатуға кәсіби желілік орта ықпал ететінін бүгінгі әлемде болып жатқан өзгерістер дәлел болып отыр. Желілік педагогикалық орта - бұл педагогтар үшін білім беру ортасы, бірақ оның жағдайы мен мазмұны студенттер тәрбиеленетін білім беру ортасына әсер етеді. Еуропаның белгілі педагогы Ж.Ж. Руссо жеке тұлғаны дамыту саласы ретінде «қоршаған ортаны» алғашқылардың бірі болып түсіндірген. Ғалымның пікірінше, тиімді білім беру жүйесін қалыптастыру үшін оқушының қажеттіліктері мен мүмкіндіктері теңестірілетін арнайы «білім беру ортасын» құру қажет. Мұндай орта ішкі білімді, таңдау еркіндігін, тәуелсіздікті қалыптастыруға мүмкіндік береді, өйткені ол алған білім көлеміне емес, өздігінен таңдау мүмкіндігіне баса назар аударуды білдіреді [5].

Интернеттегі оқулықтар, бұлтқа негізделген оқыту жүйесі, виртуалды зертханалар, әр оқушыға арналған жеке куәлік, ашық білім мазмұны - мұның бәрі жақын болашақта Қазақстанның білім беру жүйесінен күтілетін жағдайлар. Елімізді цифрландыру осы саланы реформалаудың жетекші бағыттарының бірі болып табылады [6].

Қорыта келгенде, қазіргі бүкіл дүниежүзінде болып жатқан төтенше жағдайдың, бүгінгі күнде еліміздегі коронавирус дертінің таралуына қарсы күрес шараларын күшейту кезіндегі білім беру жүйесінде болған жаңалықтар, мектептердің қашықтан оқыту форматына көшуі, педагогтардың балаларды жаңаша оқытуға, кез-келген жағдайға дайын педагогикалық шеберлігін көрсетуін талап етті. Бүгінгі күні әдеттегі дайындыққа қоса, педагогтар өз цифрлық құзіреттілігін күшейту бойынша жұмыс жасауы қажеттілігі артты. Қашықтық тәртіпте жұмыс жасауда қазіргі педагогтардың жүйелік тәжірибесі жоқ екенін көрсетті. Десек те, сабақ барысында педагогтар цифрлық білім беру ресурстарымен, электронды оқулықтармен, электронды журнал жүйелерімен жұмыс жасай алатын, цифрлық жүйеде жұмыс жасаудың тәжірибесін меңгерген болуы қажет. Арнайы мамандандырылған интернет-платформалары арқылы өткізілетін

сабақтарды ұйымдастыруда, қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру үшін интернет ресурстарының – BilimLand, Kundelik.Kz, Daryn.online, MicrosoftTEAMS, GoogleClassRoom мүмкіндіктерін пайдалану шеберліктерінің жоғары болуын қазіргі қоғам талап етіп отыр. Бүгінде мектептерді цифрлық мектепке айналдыру қажеттілігі туындап отыр. Егер кез-келген педагог заманауи жаңа цифрлық технологиялар құралдарының мүмкіндіктерін пайдалана алмаса, онда цифрлық білім беру сапасыз білім беруге айналады.

Сонымен, педагогтың цифрлық сауаттылығы туралы ойымызды түйіндей отырып, цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану - заман талабы екенін ескере отырып, оның цифрлық құзіреттілігінің қажеттілігін нақты атап өту қажет. Бұл уақыттың, әлемдік қоғамдастықтың жоғары талабы және жаһандану үрдісінің шарты болғандықтан педагог өз алдына жоғары мақсат қоя білу керек.

Әдебиеттер тізімі

1. ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2010.
2. Қастер Сарқытқан. Адами капитал мамандық таңдаудан қалыптасады // President & Halyq. - 2018. – 29 маусым.
3. Цифровая грамотность как компонент жизненных навыков [Электронный ресурс]. –2015 - URL: <https://helpiks.org/5-91071.html> (дата обращения: 17.06.2021).
4. Грулиене Л.Н. Цифровая грамотность и гуманитарная культура педагога в инновационной образовательной практике [Электронный ресурс]. – 2016 – URL: http://journals.tsu.ru/uploads/import/1530/files/64_053.pdf (дата обращения: 21.06.2021).
5. Образовательная среда [Электронный ресурс]. – 2021 - URL: <https://ru.wikipedia.org/wiki> (дата обращения: 18.06.2021).
6. Новости Казахстана [Электронный ресурс]. –2020 - URL: <https://www.nur.kz> (дата обращения: 21.06.2021).
7. Государственная программа «Цифровой Казахстан», утвержденное Постановление Правительства Республики Казахстан от 12 декабря 2017 года № 827. - URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1700000827> (дата обращения: 21.06.2021).
8. Ибрагимов И.М. Информационные технологии и средства дистанционного обучения. - М.: АСАДЕМА, 2015. – 300 с.
9. Зайнутдинова Л.Х. Создание и применение электронных учебников.–Астрахань: ООО «ЦНТЭП», 2009.– 364 с.
10. Куценко С.М., Косулин В.В. Электронные образовательные ресурсы как инструмент обучения и повышения качества образования. // Вестник Казанского государственного энергетического университета. -2017. - № 3. - С. 56-61.

11. Dzhussubaliyeva D.M. Digital technologies in foreign language education as the necessary prerequisite for the training of modern specialists in the XXIst century. - The Journal of Language Research and Teaching Practice. Vol. 2, No. 2(2018): P. 16-25.

12. Цифровая экономика [Электронный ресурс]. –2019 - URL: <https://www.techopedia.com/definition/32989/digital-econom> (дата обращения: 23.06.2021).

References

1. KR Bilim berudi damytudyn 2011-2020 zhyldarga arналған мемлекеттік бағдарламасы [State Program of Education Development of the Republic of Kazakhstan for 2011-2020] (Astana, 2010).

2. Kaster Sarkytkan. Adami kapital mamandyk tандаудан калыптасady [Human capital is formed by choosing a profession], President & Halyq. June 29, 2018

3. Cifrovaya gramotnost' kak komponent zhiznennykh navykov [Digital literacy as a component of life skills]. [Electronic resource]. – 2015 - Available at: <https://helpiks.org/5-91071.html> (Accessed: 17.06.2021).

4. Grulienė L.N. Cifrovaya gramotnost' i gumanitarnaya kul'tura pedagoga v innovacionnoj obrazovatel'noj praktike [Digital literacy and humanitarian culture of a teacher in innovative educational practice]. [Electronic resource]. – 2016 - Available at: http://journals.tsu.ru/uploads/import/1530/files/64_053.pdf (Accessed: 21.06.2021).

5. Obrazovatel'nayasreda [Educational environment] [Electronic resource]. – 2021 - Available at: <https://ru.wikipedia.org/wiki> (Accessed: 18.06.2021).

6. Novosti Kazakhstana [Kazakhstan news] [Electronic resource]. –2020 -Available at: <https://www.nur.kz> (Accessed: 21.06.2021).

7. Gosudarstvennaya programma «Cifrovoy Kazakhstan», utvezhdennoe Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazakhstanot 12 dekabrya 2017 goda № 827 [State program «Digital Kazakhstan», approved by the Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated December 12, 2017 No. 827]. - Available at: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1700000827> (Accessed: 21.06.2021).

8. Ibragimov I.M. Informacionnye tekhnologii i sredstva distancionnogo obucheniya [Information technology and distance learning tools] (ACADEMA, Moscow, 2015, 300 p.).

9. Zajnutdinova L.H. Sozdanie i primeneniye elektronnykh uchebnikov [Creation and application of electronic textbooks] (LLC «TsNTEP», Astrakhan, 2009, 364 p.).

10. Kucenko S.M., Kosulin V.V. Elektronnye obrazovatel'nye resursy kak instrument obucheniya i povysheniya kachestva obrazovaniya [Electronic educational resources as a tool for teaching and improving the quality of education], Vestnik Kazanskogo gosudarstvennogo energeticheskogo universiteta [Bulletin of Kazan State Energy University], 3, 56-61 (2017).

11. Dzhussubaliyeva D.M. Digital technologies in foreign language education as the necessary prerequisite for the training of modern specialists in the XXIst century, The Journal of Language Research and Teaching Practice, 2 (2), 16-25 (2018).

12. Cifrovaya ekonomika [Digital economy] [Electronic resource]. –2019 -Available at: <https://www.techopedia.com/definition/32989/digital-econom> (Accessed: 23.06.2021).

А.Б. Абуханова, Ш.У Унгарбаева

Жетысуский университет им. И. Жансугурова, Талдыкорган, Казахстан

Развитие цифровой грамотности педагогов в условиях обновленного содержания образования

Аннотация. Необходимость обновления содержания образования определяет систематическое изменение всех его компонентов: как вертикально, так и горизонтально. Создаются новые параметры функционирования образования, обеспечивающие переход от информационного обучения к инновационному.

В современной системе образования педагог сталкивается с быстро меняющимися требованиями, требующими нового, широкого и сложного набора компетенций, в том числе цифровой квалификации.

Современный педагог должен быть готов к использованию цифровых медиа, обладать цифровыми навыками.

В условиях внедрения цифрового общества и системы цифровизации образования в организациях образования повышение квалификации педагогов становится одной из самых актуальных проблем. В данной статье рассматривается развитие цифровой грамотности педагогов в условиях обновленного содержания образования, значение использования цифровых образовательных ресурсов в образовательном процессе. Определены уровни компетентности, цифровые компетенции, необходимые современному педагогу, повышение педагогической цифровой грамотности. Рассмотрены пути использования цифровых образовательных ресурсов. Рассматриваются требования цифровизации образования, основные виды цифровых навыков и компоненты цифровой грамотности педагога, а также подход к технологическим инновациям.

С целью выявления противоречий между уровнем саморазвития будущих педагогов и требованиями работодателей проведено исследование, проанализированы результаты.

Ключевые слова: обновленное содержание образования, процесс цифровизации, цифровой образовательный ресурс, цифровая грамотность, система электронного обучения.

A.B. Abukhanova, Sh.U. Ungarbayaeva

I. Zhansugurov Zhetysu University, Taldykorgan, Kazakhstan

Development of digital literacy of teachers in the context of updated the content of education

Abstract. The need to update the content of education determines the systematic change of all its components, both vertically and horizontally. New parameters for the functioning of education are being created to ensure the transition from information-based learning to innovative learning.

In the modern education system, a teacher is faced with rapidly changing requirements that require a new, broad, and complex set of competencies, including digital qualifications. A modern teacher should be ready to use digital media, have digital skills. In the context of the introduction of a digital society and the system of digitalization of education in educational organizations, the professional development of teachers is becoming one of the most urgent problems. This article discusses the development of digital literacy of teachers in the context of the updated content of education, the importance of using digital educational resources in the educational process. The levels of competence, digital competencies necessary for a modern teacher, and improvement of pedagogical digital literacy are determined. Ways of using digital educational resources are considered. The requirements of digitalization of education, the main types of digital skills and components of digital literacy of a teacher, and an approach to technological innovation are considered.

In order to identify contradictions between the level of self-development of future teachers and the requirements of employers, a study was conducted, the results were analyzed.

Keywords: updated content of education, digitalization process, digital educational resource, digital literacy, e-learning system.

Авторлар туралы ақпарат:

Абуханова А.Б. - корреспондентия үшін автор, педагогика және психология білім беру бағдарламасының оқытушы-дәріскері, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Жансүгіров көш., 187-А, Талдықорған, Қазақстан.

Унгарбаева Ш.У. - п.ғ.к., педагогика және психология білім беру бағдарламасының оқытушы-дәріскері, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Жансүгіров көш., 187-А, Талдықорған, Қазақстан.

Abukhanova A.B. – Corresponding author, Teacher-lecturer of the educational program of pedagogy and psychology, I.Zhansugurov Zhetysu State University, 187-A Zhansugurov str., Taldykorgan, Kazakhstan.

Ungarbayaeva S.U. – Candidate of Pedagogical Sciences, Teacher-lecturer of the educational program of pedagogy and psychology, I.Zhansugurov Zhetysu State University, 187-A Zhansugurov str., Taldykorgan, Kazakhstan.